

## Қазақстан Республикасында хром өнеркәсібін дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 6 маусым N 781

Хром өнеркәсібін жедел әрі кешенді түрде дамыту, оның экспорттық әлеуетінің тиімділігін арттыру және хром өнімдерінің әлемдік нарығындағы Қазақстанның позициясын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Республиканың хром өнеркәсібіндегі:

"Дөң тау-кен комбинаты" акционерлік қоғамы;

"Феррохром" акционерлік қоғамы;

Ермак ферроқорытпа зауыты кәсіпорындарын біріктіретін "Казхром" /"kazchrome corporation"/, ұлтаралық акционерлік компанияның құрылуы жөн саналсын.

2. Ұлтаралық "Казхром" акционерлік компаниясының негізгі міндеттері:

ферроқорытпалар өндірісін, оның шикізат базасын дамытудың, ғылыми-техникалық прогресс, стандарттау және экология салаларындағы аса маңызды бағдарламалардың басым бағыттарын әзірлеу;

компания кәсіпорындарының өндірістік-шаруашылық және қаржы-шаруашылық қызметін үйлестіру, шетелдік инвесторларды тарту;

компанияның сыртқы экономикалық қызметі мен өнімдерін сыртқа шығару, дайын өнімдерін сыртқа шығарып, өткізу жүйесін дамыту;

компания кәсіпорындарының басшы органдарын құру болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Казхром" ұлтаралық акционерлік компаниясын құру жөнінде қажетті ұйымдастыру шараларын жүзеге асырсын, соның ішінде:

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен бір топ жапон компаниялары арасында жасалған Келісімге сәйкес республика хром кәсіпорындарының қаражатын "КРАМДС" ұлттық акционерлік компаниясының және "Қайсар" мемлекеттік акционерлік компаниясының жарғылық қорларынан алсын. Мұнда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көрсетілген акционерлік компаниялар акционерлері мен кредиторларының мүддесі сақталуына айрықша назар аударылсын;

"КРАМДС" ұлттық акционерлік компаниясымен "Дөң Мак" және "Феррохром" акционерлік қоғамдарының акциялар пакеттерін алу жөніндегі шартта "КРАМДС" ұлттық акционерлік компаниясының жарғылық қорының тиісінше азайтылуын қарастырсын;

"КРАМДС" ұлттық акционерлік компаниясымен шартта оның жарғылық қорының

азайтылуына байланысты компания кредиторларымен өзара қарым-қатынасы реттелгеннен кейін "Japan chrome corp." фирмасынан уақытша алынған 30 миллион АҚШ долларының Қазақстан Республикасы Үкіметіне қайтарылуын қарастырсын;

"Қазхром" ұлтаралық акционерлік компаниясының жарғылық қорын құру кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасымен ол төлеген 30 миллион АҚШ доллары құрылатын компания акциялары бөлігінің төлемі ретінде "Japan chrome corp." фирмасына есептелсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қрамдс ҰАҚ-ның Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасымен "Japan chrome corp." фирмасынан алынған және оның жарғылық қорының азаюына байланысты компанияның кредиторларымен өзара қарым-қатынасын реттелгеннен кейін қайтарылатын қаражатты пайдалану бағыттарын айқындасын.

5. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі

республика хром өнеркәсібі кәсіпорындарын кешенді дамыту мақсатында шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі ұсыныстарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне табыс етсін.

6. Осы қаулының жүзеге асырылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары В.Л.Меттеге жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі